


Бекітемін:
Рамадан ауылының негізгі орта мектебі
мектеп директоры:  Р.Таханова



Балаларды ұйымдастыру және тәрбиелеу жоспарының циклограммасы

2024 – 2025 оқу жылы

2024.12.23 14:03

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 1 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.09.2024ж	Сейсенбі 03.09.2024ж	Сәрсенбі 04.09.2024ж	Бейсенбі 05.09.2024ж	Жұма 06.09.2024ж
Баланы қабылдау	Баланы әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу	Достар әнімен қарсы алу
Ата-анамен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Мектептен кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Баланы дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Баламен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Үстел үсті ойыны: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Міндеті : жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін сурет арқылы ажыратып айтады.	«Ұшады, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Міндеті Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал бала қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұшама, жүреме, жүземе айтады.	«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойыны: Міндеті : Берілген жыл мезгілдерінің суреттері бойынша балалар ерекшеліктерін тауып, айтады, әңгімелейді	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті :Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі	Дидактикалық ойын: «Құстар» Міндеті: қыстап қалатын құстардың аттарын атап, немен қоректенетінін айтады.

тағы басқа әрекеттер)	Әлеуметтік дағдылар	Коммуникативтік дағдылар	Коммуникативтік дағдылар	Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие	Коммуникативтік дағдылар
Түскі жаттығу	Қыркүйек айына арналған жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Түскі ас – 14.10 – 14.25	Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Мұнара» Максаты: Заттардың түсі, көлемі, пішінін өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.	«Түрлі түсті моншақтар» Максаты: ермексазды пайдаланып кішкентай дөңгелектер жасау арқылы, қолдың моторикасын дамыту.	«Пирамида» Максаты: Түрлі пішіндерден пирамидаларды құрастыру. Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыштардың жапсырмаларын қолдану.	«Алмұрт» Максаты: Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. Ермексазды саусақпен басып, домалату, кесектерді біріктіруге үйрету.	«Менің сүйікті ойыншығым» Максаты: Ойыншықтың түрлерін көрсетіп, өзіне ұнаған ойыншықтың атын атап, ұқыпты бояуға үйрету.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	1.Математика негіздері Тақырып: Қағаз бетінде бағдарлау. «Бір»сөзінің	1.Сауат ашу негіздері Тақырып: Дыбыс Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың	1.Математика негіздері Тақырып: Біреу – көп «Бір»сөзінің	1.Қазақ тілі Тақырып: Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмесін	1.Сауат ашу негіздері Тақырып: Сөз Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық

<p>ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу. Логикалық байла-ныстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу 2. Сөйлеуді дамыту Тақырып: Кел</p>	<p>дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету. Ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу 2. Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады? Өзіндік тәжірибеалдык жұмыстарды ұйымдастыру</p>	<p>мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу. Логикалық байла-ныстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу 2. Сауат ашу негіздері</p>	<p>салыстыру. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығулар-ында дұрыс айтуға дағдыландыру 2. Музыка Тақырып: Білімін – бұлағын. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын</p>	<p>мағынасын анықтауға жаттықтыру. Сөздердің ұзындық қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 2. Көркем әдебиет Тақырып: Білімін-бұлағын А. Шаяхметов. Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен</p>
---	---	---	--	---	--

<p>танысайық! Алғашқы күн. Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-киядарын дамыту. Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. 3.Қазақ тілі Тақырып: Менің мектебім. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. 4.Дене шынықтыру Тақырып: Спортзал. Спортзалда ойнаймыз Кеңістікте бағдарлай білу және күш</p>	<p>арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру. Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу; әлемді өз бетінше тануға баулу. 3.Шығарма шылық: «Сурет салу» Тақырып:Ағаш бұтақтары (Түрлі түсті қарындаш) Ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру;балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу 4.Музыка Тақырып: Білімнің</p>	<p>Тақырып: Дыбыспен сөз. Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауы-сын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру. Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту. Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу 3.Көркем әдебиет Тақырып: Білімнің бұлағың А. Шаяхметов.</p>	<p>арттыру 3.Сөйлеуді дамыту Тақырып: Менің досым. Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой киялдарын дамыту. Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. 4.Математика негіздері Тақырып: Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Дара заттарды бөлуді үйрету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру;«бір» (біреу) терминдері, бір заттың санын ғана емес, сонымен қатар</p>	<p>таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту.Әңгімелеуде сюжеттік бірлікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу. 3.Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Бізді не қоршап тұр? Өзіндік тәжірибеалдық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру. Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу;</p>
--	---	---	--	---

<p>секілді дене қабілеттерін дамыту. Спортқадеген қызығушылықтарын дамыту және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>– бұлағын. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру</p>	<p>Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу. 4. Дене шынықтыру Тақырып: Денсаулығын құпиялары. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын</p>	<p>бүтін бір топтың жиынтығын және «бірнеше» («көп») топтың жиынтығын білдіретіндігін ұғындыру. Заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға үйрету, заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша заттарды ерекшелеу. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Зейін мен ойлау, қорытынды жасау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p>	<p>әлемді өз бетінше тануға баулу. 4. Дене шынықтыру Тақырып: Күлкі сыйла Ептілік, шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. Мейірімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу.</p>
--	---	---	--	--

			бағалай білуге баулу. Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту.		
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	<p>Күнді бақылау Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күннің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің</p>	<p>Ағаштарды бақылау Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой – өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Көркем сөз:</p>	<p>Аула тазалаушыны бақылау Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. Көркем сөз: Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды</p>	<p>Гүлзарларды бақылау Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру. Бақылау Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гүлзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер</p>	<p>Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертен күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. Тақпақ: Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ</p>

<p>шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.</p> <p>Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн)</p> <p>Көркем сөз: Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев</p> <p>Қимылды ойын: «Қоңыздар»</p>	<p>Ұшты талдан жапырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді</p> <p>Тақпак: Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.</p> <p>Қозғалмалы ойын: «Өз орынын тап»</p> <p>Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту</p>	<p>Қарандаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. • Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? • Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? • Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? <p>Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге</p>	<p>дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады.</p> <p>Тақпак: Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі Бойын сылап сүйеді Күнде гүлін ашады Жұпарын маған шашады Ө.Тұрманжанов Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар».</p> <p>Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету, Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау.</p>	<p>жауады. Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малынғандай атырап. М. Әлімбаев</p> <p>Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».</p> <p>Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>
---	--	---	--	---

	Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.	Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»	көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу. белгіленге орынға жинау.		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру. Өз шкафын тану дағдысын қалыптастыру. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Балалармен жеке жұмыс	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету.	Қарандашты пайдалануға үйрету.	Дөңгелек пішін салуға үйрету.	Ертегіні дыбыстай білуге үйрету.	Дыбысты анық айтуға үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Отбасылық фото суреттерді немесе отбасылық газет жасап беріп жіберуін сұрау	Отбасылық газетті таныстыруға қонаққа шақыру	Алған әсерлерімен бөлісу.	Отбасылық мерекелер мен ойындар туралы кеңес беру.	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 2 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.09.2024ж	Сейсенбі 10.09.2024ж	Сәрсенбі 11.09.2024ж	Бейсенбі 12.09.2024ж	Жұма 13.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды қоныраумен қарсы алу.	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі)	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың мектепке бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Бағдаршам» мобильді ойыны (Балалар бағдаршамның айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз, барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл (жасыл немесе	Жұмбақтар Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Көшелермен	«Күз мезгілі» Суреттер құрастыру Міндеті Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, түрлі	Еркін ойын: "Кімнің заттары? " (достарының заттарын анықтау) Міндеті үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ	Еркін ойын: Ойын-жаттығу Міндеті құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру.

	сары) жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл түсте тоқтайды, сары түсте қол соғады)	шағын үйлер өтеді. Ересектер мен балаларды қала бойына апарады. (Автобус)	құрылымдық тәсілдерді қолдану.	тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестір Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б	«А», «П», «Т» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, менгеруші, жұмыс істейді)
Түскі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Түскі ас – 14.10 – 14.25	Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Кітаптарды санау, беттестіру арқылы биіктігі бойынша, қалыңдығы бойынша салыстыру. (Математика негіздері)	«Кітаптағы кейіпкер» Сыныпқа ертегі кейіпкерлері келеді, баламен сәлемдесіп, қай кейіпкер екенін, қай кітаптан екенін табады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Менің сүйікті кітабым» Баламен отбасында оқыған кітаптарын талқылау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	«Кітап неден жасалған?» баланың өз ойын айту, тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойдан шығара білуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	«Кітаптар жәрмеңкесі» Апта бойы баланың жасаған кітаптарынан жәрмеңке ұйымдастыру. (Сөйлеуді дамыту)

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1. Математика негіздері Тақырып: 1 саны және цифры. 2 саны және цифры. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағ-дыларын жетілдіру; 1 және 2 цифрларын дұрыс тану мен бей-нелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» зат-ты ерекшелеу. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағды-ларын дамыту. Шыдам-</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырып: Сөз. Сөздің мағынасы. Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру. Сөздердің ұзынды қысқалығын колмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 2. Қоршаған</p>	<p>1. Математика негіздері Тақырып: 1 саны және цифры. 2 саны және цифры. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағ-дыларын жетілдіру; 1 және 2 цифрларын дұрыс тану мен бей-нелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» зат-ты ерекшелеу. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағды-ларын дамыту. Шыдам-дылыққа</p>	<p>1. Қазақ тілі Тақырып: Біз балабақшада не істейміз? Мектепте не істейміз? Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойындаттықтарында дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздерді сөз тіркемесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. 2. Музыка Тақырып: Нота үйренейік Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін,</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырып: Дауысты дыбыстар. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін менгерту, сөйлеу тілін жетілдіру. Дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу 2. Көркем әдебиет Тақырып: : Кішкентай бағбан М. Төрежанов Әңгімелеу барысында бейнелеу-уіш сөздерді тенеулерді</p>
--	--	--	---	---	--

<p>дылыққа тәрбиелеу.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым.</p> <p>Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.</p> <p>Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиеле</p> <p>3.Қазақ тілі</p> <p>Тақырып: Біздің сынып</p> <p>Не?Нелер?</p> <p>сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау.Қазақ тіліне тән дыбыстарды</p>	<p>ортамен танысу</p> <p>Тақырып:</p> <p>Табиғатта не өзгерді?</p> <p>Тәжірибелік тәжірибеалдык жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шындау.</p> <p>Табиғатқа жауапкершілікпен карауға тәрбиелеу</p> <p>3.Шығарма шылық :</p> <p>Мүсіндеу.</p> <p>Тақырып: Жеміс бағында.</p> <p>Пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері</p> <p>Тақырып: Біз дыбыспен сөз туралы не білеміз?</p> <p>Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру.Сөздердің ұзынды қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.Таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>3.Көркем әдебиет</p> <p>Тақырып: : Кішкентай бағбан</p> <p>М.Төрежанов</p>	<p>басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру.</p> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру</p> <p>3.Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым.</p> <p>Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.</p> <p>Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиеле</p> <p>4.Математика негіздері</p>	<p>колдану, көңіл күймен мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерін таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту.Әңгімелеуде сюжеттік бірзділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу.</p> <p>3.Қоршаған ортамен таныстыру.</p> <p>Тақырып: Нан қайдан келеді?</p> <p>Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру.</p>
--	--	--	--	---

<p>дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Тақырып: Біз күшті және ержүрекпіз.</p> <p>Ептілік, шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту.</p> <p>Мейірімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>пайдалана отырып жемістерді мүсіндеу. Бейнені затпен салыстыру.</p> <p>4. Музыка</p> <p>Тақырып: Нота үйренейік</p> <p>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру</p>	<p>Әңгімелеу барысында бейнелеу-үіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен мазмұндауға үйрету.</p> <p>Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Тақырып: Мен ұйнағанды жақсы көремін.</p> <p>Спортпен</p>	<p>Тақырып: 3 саны және цифры.</p> <p>4 саны және цифры.</p> <p>Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру</p> <p>3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелеу. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту.</p> <p>Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Танымдық – ізденістік жұмыстарға талпынысын қушейту</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Тақырып: Керуен (таза ауада)</p> <p>Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелеу деген қызығушылығын арттыру.</p>
--	--	---	--	--

			шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуге баулу. Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту.		
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	<p>Бақылау: «Тұманды бақылау» Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атайды. Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылайды. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстырады. Еңбек: Жапырақтардан</p>	<p>Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылайды. Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айтады, түстерін айтады. Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинайды. Еркін ойын: «Жапырақ жинау»</p>	<p>Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен» Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгіме қозғалады. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөліріп бақыланады. Еңбек: Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинайды. Әр</p>	<p>Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылайды. Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы айтылады. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстырады, күздегі өзгерістерді айтады. Еркін ойындар: «Ұшты — ұшты» Баланың өз еріктерімен жасалатын іс-</p>	<p>«Құстарды бақылау» Мақсаты: Балалар құстарды бақылайды. Олардың аттарын атайды, дауыстарын тыңдайды. Олардың топ болып ұшуына назар аударады. Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасайды. Еркін ойындар:</p>

	<p>әртүрлі бейнелер құрастырады. Еркін ойындар: «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар» Мақсаты: Рөлдерде ойнай білуге үйренеді. Байкампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйренеді. Баланың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. (Тікелей бақылау)</p>	<p>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері (Жаппай бақылау)</p>	<p>ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», «Аққу-қаздар» Мақсаты: Баланың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері</p>	<p>әрекеттері (Жаппай бақылау)</p>	<p>«Қайтқан құстар» «Құстар мен мысық» Баланың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері (Тікелей, жаппай бақылау)</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде асықпай педагогтің артынан жүру, өз шкафын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</p>				
Балалардың үйге қайтуы	<p>Бүгінгі іс-шаралар туралы ата-ананың пікірін, ұсыныстарын тыңдау.</p>	<p>Баланың жасап жатқан кітаптарына көмектесуін сұрау.</p>	<p>Баламен бірге кітап оқуды ұсыну.</p>	<p>Сүйікті ертегі кейіпкерлерінің сөздерін бірге жаттау.</p>	<p>Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау.</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 3 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.09.2024ж	Сейсенбі 17.09.2024ж	Сәрсенбі 18.09.2024ж	Бейсенбі 19.09.2024ж	Жұма 20.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Баланы қоңыраумен қарсы алу.	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегін қандай әдемі т.б)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың мектепке бейімделуі жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Дид. ойын: «Пирамида жинау» ойыны Міндеті: көлемін ажырату Математика негіздері	Дид. ойын: «Бөліктерді құрастыр» ойыны Міндеті: қиынды суреттермен құрастыруды үйрету Құрастыру	Дид. ойын: «Сәйкестендіріп жина» ойыны Міндеті: түстеріне қарай ажырату Математика негіздері	Дид. ойын: «Менің отбасым» әңгімелесу. Міндеті: сөздік қорларын байыту. Сөйлеуді дамыту	Дид. ойын: «Дыбысынан таны» Міндеті: Есту қабілеттерін дамыту. Музыка

тағы басқа әрекеттер)					
Түскі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жандарын өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Амандасу әдебі» Мақсаты: Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	«Біздің топ» Мақсаты: Балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен таныстыру. Қоршаған ортамен таныстыру	«Кім көп сөз біледі?» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дұрыс сөйлеуге үйрету Балалардың еркін әрекеттері Сөйлеуді дамыту	«Күзгі жапырақ» такпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Көркем әдебиет, дене шынықтыру	Күз туралы не білетінін еркін түрде әңгімелейді: Күз келді. Күннің жылуы азайды. Аспанды бұлт қаптады. Жаңбыр жиі жауады. Адамдар қолшатырмен жүреді. Жапырақтар сарғайып, жерге түсіп қалды..Эколог.

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1.Математика негіздері Тақырып: 3 саны және цифры. 4 саны және цифры. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелеу. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Күз</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырып: Жуан дауысты дыбыстар. Жуан дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру. Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту. Жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу 2.Қоршаған ортамен</p>	<p>1.Математика негіздері Тақырып: 5, 6 сандары және цифрлары Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету. Логикалық байланыстар мен заң-дылықтарды орнату қабілетін; зейін, есте сақтау, сөйлеуін дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. 2. Сауат ашу Тақырып: Жіңішке дауысты дыбыстар.</p>	<p>1.Қазақ тілі Тақырып: Алтын күз. Күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. 2. Музыка Тақырып: Көңілді ырғақтар. Өннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, көңіл күйін ажырату. 3.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Күз бояуы. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырып: Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар. Сөздердің ұзындық-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету. Сызбалар жасауға үйрету 2. Көркем әдебиет. Тақырып: Шаруа мен аю (орыс халқы ертегісі). Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту, ертегі арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 3.Қоршаған</p>
--	--	--	--	---	--

<p>бояуы. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.</p> <p>3.Қазақ тілі Тақырып: Мектеп қызметкерлері Сұраққа толық жауап беруді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Мектеп қызметкерлерінің атын білу.</p> <p>4.Дене шынықтыру Тақырып: Бадминтон,</p>	<p>таныстыру Себетке қандай саңырауқұлақтар саламыз? Саңырауқұлақтың кейбір жеуге жарамды және улы түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>3.Шығармашылық: «Жапсыру» Тақырып: Көшедегі үйлер Архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; балалардың үй туралы, оның</p>	<p>Жіңішке дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру. Жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу</p> <p>3.Көркем әдебиет Тақырып: Шаруа мен аю (орыс халқы ертегісі). Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану,</p>	<p>арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.</p> <p>4.Математика негіздері Тақырып: 5,6 сандары және цифрлары Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату қабілетін; зейін, есте сақтау,</p>	<p>ортамен танысу Тақырып: Жыл мезгілдері: жаз, күз, қыс, көктем белгілері. Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсінік беру; осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістер, күн мен түннің ұзақтығы туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Топтағы</p>
--	---	--	---	---

	<p>футбол. Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру</p>	<p>түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру, шығармашылыққа тәрбиелеу</p> <p>4. Музыка Тақырып: Көңілді ырғақтар. Әннің сипатын қабылдау, дауысындқрыс келтіріп орындау, көңіл күйін ажырату.</p>	<p>еңбек дағдыларын дамыту, ертегі арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>4. Дене шынықтыру Тақырып: Күзгі орманда. Қозғалыс мәнерлілігін, ырғақтылығын дамыту; азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау</p>	<p>сөйлеуін дамыту. Шыдамдылыққа тәрб-у.</p>	<p>балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу</p> <p>4. Дене шынықтыру Тақырып: Ұлттық ойындар (таза ауада) Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік күзiреттiлiктерiн дамыту, мейiрiмдiлiк пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелеу.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдысы)</p>				

<p>Серуен</p>	<p>Бақылау: Тұманды бақылайды. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылауды. Тұманның қайдан пайда болатынын түсінеді. Еңбек : Ағаштардың түптерін копсытады. Мақсаты: Табиғатты аялай біліп, өсімдіктерге қамқор болады. Оларды күтіп – баптайды. Еркін ойын: Төбешіктен секіру. Мақсаты: текшелерден төбешік жасап алады.</p>	<p>Бақылау: Күзгі көріністі бақылайды. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін біледі. Күннің салқындауын, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінінеді. Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинайды. «Жүгіріп өтуге үлгер» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, батылдыққа, тез жүгіруге үйренеді.</p>	<p>Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыстар өсімдіктерге де әсер ететіндігін түсінеді. Еңбек : Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбек қорлыққа баулу. Еркін ойын: Тығылыспақ.</p>	<p>Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы біледі. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны, саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын түсінеді. Еңбек : Ағаш түптерін копсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін копсытығуға үйрету. Допты қуып жет » Мақсаты: Балаларды тез жүгіруге, шапшаңдыққа, ептілікке үйренеді.</p>	<p>Бақылау: Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. Мақсаты: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетінін біледі. Еңбек: Біздің ауламыз. Мақсаты: Ауладағы түскен жапырақтарды жинайды. «Сағат, сағат қанша болды? » . Мақсаты: сағат тілін айтады, қадаммен жүреді.</p>
----------------------	--	--	---	--	---

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу.	Топқа ойыншық алмасу сөресін жасауды ақылдасу	Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну.	Үйде баламен доппен ойнауды ұсыну.	Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 4 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.09.2024ж	Сейсенбі 24.09.2024ж	Сәрсенбі 25.09.2024ж	Бейсенбі 26.09.2024ж	Жұма 27.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Бір-бірімізге қол беріп Айтамыз жақсы сөз жөн көріп Қалмаймыз тек іркіле Сыйлаймыз жыл күлкі	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	Қонжықтың тілегімен қарсы алу

<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p>	<p>Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.</p>	<p>Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау</p>	<p>Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау</p>	<p>Мектептен кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу</p>	<p>Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Саусақпен ойнаймыз: «Құлып» Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету Коммуникативтік дағдылар</p>	<p>Дидактикалық ойын «Не артық?» Міндеті Балаға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. Танымдық дағдылар</p>	<p>Дидактикалық ойын «Бағдаршам не дейді?» Міндеті байланыстырып сөйлеу дағдысын меңгеру Коммуникативтік дағдылар</p>	<p>Саусақпен ойнаймыз: «Қоян інде» Ақ қоян-ау, ақ қоян, Үркек қоян, сақ қоян, Дыбыс шықса қашасың. Міндеті Баланың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Коммуникативтік дағдылар</p>	<p>Дидактикалық ойын «Қауіпті заттар» міндеті қоршаған орта заттары жайлы түсінік қалыптастыру Әлеуметтік дағдылар</p>
<p>Түскі жаттығу</p>	<p>Қыркүйек айына арналған жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</p>				

түскі ас	Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық	Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру кұрастыру	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Баланың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар мүсіндеу	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау. қоршаған ортамен таныстыру	Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу қоршаған ортамен таныстыру, музыка	Жәрменкені ата аналар үшін дайындау. Балалардың әсерлері туралы әңгімелесу қоршаған ортамен таныстыру, кұрастыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1. Математика негіздері Тақырып: 7,8,9 сандары және цифрлары. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын	1. Сауат ашу Тақырып: Дауыссыз дыбыстар. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін	1. Математика негіздері Тақырып: 7,8,9 сандары және цифрлары. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын	1. Қазақ тілі Тақырып: Жемістер Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. 2. Музыка Тақырып: «Күзгі	1. Сауат ашу негіздері. Тақырып: Біз нені үйрендік? Балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету. Сөздерді буынға бөлуді дамыту. Саусак

<p>жетілдіру; 7 және 8,9 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелеу.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту.Шыдамдыл ыққа тәрбиелеу. 2.Сөйлеуді дамыту Тақырып: Менін атам. Ертегіні соңына дейін тындауға үйрету. Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту. Батырлыққа тәрбиелеу. 3. Қазақ тілі</p>	<p>дамыту.Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір- бірінен ажырата білуге дағдыландыру.Жа зу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. 2.Қоршаған ортамен таныстыру. Тақырып:Су- тіршілік көзі. Судың қасиеттерін таныстыру. Танымдық мүмкіндіктерін</p>	<p>жетілдіру; 7 және 8,9 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелеу.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту.Шыдамдыл ыққа тәрбиелеу. 2. Сауат ашу Тақырып: Дауыссыз дыбыстар. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілетте-рін дамыту.Дауысты және дауыссыз</p>	<p>серуен» Әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру.Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру. 3.Сөйлеуді дамыту. Тақырып: Қорыққанға қос көрінеді(ертегі). Ертегіні соңына дейін</p>	<p>моторикасын дамыту. 2. Көркем әдебиет Тақырып: Шаруа мен аю (орыс халқы ертегісі) сахналау. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту, ертегі арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 3.Қоршаған ортамен таныстыру. Тақырып: Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді? Жабайы жануарлардың</p>
---	--	---	---	--

<p>Тақырып: Көгөністер Сөздік корларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, карапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік корларын дамыту.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Тақырып: Қалай спортшы болуға болады? Ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту; спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүруге деген жақсы әдеттерін тәрбиелеу.</p>	<p>арттыру, тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.</p> <p>3. Шығарма шылық: «Құрастыру» Тақырып: Ұшак Құрылыс материалда-рынан ұшақты құрастыра білуге үйрету; ұшақты құрастыру-да оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой- қиялын дамыту; өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптас-тыру,</p>	<p>дыбыстарды бір- бірінен ажырата білуге дағдыландыру. Жаз у барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу</p> <p>3. Көркем әдебиет</p> <p>Тақырып: Шаруа мен аю (орыс халқы ертегісі) сахналау. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту, ертегі арқылы еңбексүйгіштікке</p>	<p>тындауға үйрету. Баланың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту.</p> <p>4. Математика негіздері Тақырып: 7,8,9 сандары және цифрлары. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды сана дағ-дыларын жетілдіру; 7 және 8,9 цифрларын дұрыс тану мен заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелеу. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, ло- гикалық ойлау, дағдыларын дамыту.</p>	<p>тіршілігі жайлы түсініктерін кенейту. Жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Тақырып: Дене қабілеттерін дамыту. Денені дұрыс ұстау дағдыларын дамыту. Допты он, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру.</p>
--	---	--	--	--

		батылдыкка, ерлікке тәрбиелеу 4. Музыка Тақырып: Біздің аспаптар Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.	тәрбиелеу. 4. Дене шынықтыру Тақырып: Менің сүйікті жануарларым. Қозғалыс мәнерлілігін, ырғақтылығын дамыту; азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.	Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	
--	--	---	---	-------------------------	--

Серуенге дайындық

Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. (өзіне-өзі қызмет ету

дағдылары, ұсақ моториканы дамыту					
Серуен	<p>Дене шынықтыру. Қимылды ойын: <i>Кішкене өзен арқылы.</i> Мақсаты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар</p>	<p>Дене шынықтыру. Қимылды ойын: <i>Жел көбік</i> Мақсаты: мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып баратын жатып. Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>Дене шынықтыру. Қимылды ойын: <i>Поезд</i> Мақсаты: Тәрбиеші «Поезд» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сен кішкентай вагонсың». «Кеттік», - дейді тәрбиеші, бала «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші поезды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін</p>	<p>Дене шынықтыру. Қимылды ойын: <i>Жалаушаны әкел</i> <i>(таяқ арқылы аттап өту).</i> Мақсаты: Тәрбиеші жалаушаға баратынын айтады да баланы кедергіден дұрыс аттап өтуін бақылайды. Орындықтан жалаушаны алғаннан кейін бала сол жолмен кері қайтады. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>Дене шынықтыру. Қимылды ойын: <i>Күн мен жаңбыр.</i> Мақсаты: Бала алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқ асындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Бала бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүр! деген сигналды естіп, өз орынына қарай</p>

	тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)		тағы да гудок беріледі де поезд қайтадан жолға аттанады. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)		жүгіріп келіп, орындықтың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барындар, серуендендер», - дейді, ойын қайта басталады (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, өз шкафын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес кимыл әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-анадан талап ету.